

## Қазақтардың дәстүрлі киімі этнографиялық зерттеу нысаны ретінде

Қазақтардың дәстүрлі костюмі талайдан бері этнография ғылымының зерттеу нысаны болып келеді. Оның ішінде, И.В.Захарова мен У.Ходжаеваның арнайы монографиясы басылып шыққан; Ә.Х.Марғұланның кітап-альбомының бірінші томына «Қазақтың халықтық костюмі» тарауы енгізілген; Х.Арғыбаевтың кітабында, Ө.Жәнібековтың еңбегінде де осындай тарау бар. А.В.Коноваловтың еңбегінде Оңтүстік Алтай қазақтарының костюмі сипатталған; швед ғалымы Ингвар Сванбергтің және америкалық зерттеуші Линда Бенсонның монографиясында, Иманғали Тасмағамбетовтың «Орталық Азиядағы зергерлердің бұйымдары» альбомында Қытай қазақтарының киімі туралы материалдар бар.

Өткен заманның материалдық мәдениетінің ғажайып көрінісіне қазақтың халықтық костюмі жатады, ол даладағы тіршілік жағдайында аптап жаздың, өкпек желдің, қысқы аяздың, күндізгі құбылмалы ауа райының ықпалымен дүниеге келген. Одан халықтың эстетикалық идеялары, өмір салты, элеуметтік эквиваленттері көрініс тапқан. Оның өзіндік ерекшелігі айқын көрінеді әрі халықтың ұлттық санасын сақтап, нығайтуда белгілі бір рөл атқарады, сөйлесу тілімен, антропологиялық көрсеткіштермен қатар, өзінікін өзгелерден ажырататын тұрақты анықтағыш қызметін де атқарған. Ұлттық киім халықтың барлық топтарына ортақ, әрбір жас ерекшелігіне лайықтаған.

Ә.Ә. Диваев Қазақстанның тарих ғылымының бастау кезінде тұрып, этнографиялық материал жинастыру арқылы өзінің «Қазақтардың этнографиялық тұрмыс-тіршілігі» деген еңбегінде қазақ халқының мәдениетін зерттеуге негіз қалады. Ол «Қазалы уезі қырғыздарының киімдері мен әшекейлері» деген тарауда қазақ халқының костюмін былай деп сипаттайды:


«1) Ер адамдардың қысы-жазы бір матадан коленкордан тігілген, өте кең әрі ұзын, тізеге дейін жететін, жеңі білезікке дейін жететін, қайырма жағалы, бір түймеленетін немесе байланатын жейде киіп жүреді. Жейденің түсі ақ болады. Шалбардың материалы да, түсі де сондай, ол да өте кең, бірақ аса ұзын емес; тобыққа дейін жетеді, үстіңгі жағы белінен баумен байланады. Көйлек-дамбал. Жазда үйде немесе жұмыста жүргенде басына ақ орамал байлайды, жазда жолға шыққанда киіз қалпақ, қыста құлақ пен желкені жабатын тымақ киеді: сырты әлдебір матамен қапталады, неғұрлым ауқатты қырғыздар шұғамен немесе барқытпен қаптайды. Қойдың жүнімен, ал байлар түлкінің терісімен астарлайды; сонымен қатар кейде жүнмен де сырылады. Байлардың қалпағы мен тымағына зер салынады.



*Той киімі*

Қырғыздар ішік пен кебіс киеді –мас-кебе және чиш-мас, калош-кебе.Қыста ішікпен бірге үлкен етік киеді, етіктің ішінде киіз байпақ болады. Жейде мен дамбалдың сыртынан шалбар мен бешпент киледі. Шалбар да дамбар

сияқты, бірақ басқа матадан тігіледі. Әдетте бешпент пен шалбарды бір матадан –мақтадан, ал бай адамдар жүн мен шұғадан тігеді. Осының бәрінің сыртынан шапан деп аталатын хиуа халатын немесе жадағай деп аталатын сырып тігілген шапан, кейде сырып тігілмеген «сарт» шапанын киеді.Бешпентте күміс ілгектер және көпшілігінде кәдімгі түймелер болады.Киімнің бәрі оң жаққа қарай түймеленеді, сол жаққа түймелеу ғана күнә саналады, әдетте ондайды көргенде «түйменді теріс таққаның не, орыссың ба?» дейді.Шапанның сыртынан барқыт немесе өңделген, қаңылтыр мен сақина, т.б. түрінде әшекейленген белдік; күміс торма белбеу тағады. Сырт киімнің қара түстілері басым, бірақ шапандар әртүсті болады: хиуа шапаны –қызыл, сарт-бұқар шапаны, қара жолағы бар ақ, т.с.с. Қыстың күні (бешпенттің немесе шапанның сыртынан) қойдың жабағы жүнінен жасалған күпі киеді. Күпінің пішіні шапан тәрізді, астары жабағыдан, ал тысы әлдебір матамен, әдетте шекпенмен, кейде барқытпен қапталады. Қойдың терісінен тері шалбар мен тұлып жасалады. Мерекелік және күнделікті киімнің арасында айырмашылық жоқ.



*Шапан. Алматы облысы. Киім мыналардан құралған: қара барқытпен әдіптелген киіз қалпақ. Шапан қызыл матадан тамбурлап тігілген.Күміс пластиналармен безендірілген кемер белбеу. Етік.*

*А.Галимбаеваның иллюстрациясы.*



Тюбегейка.



*Түкті барқыттан өрнектеліп жасалған дамбал*

2) Әйелдер киімі. Әйелдердің киетін көйлегі мен дамбалы да ерлердікі сияқты тігіледі, тек қана әйелдің көйлегі тобыққа дейін жететіндей ұзын



(әйелдердің де, қыздар мен әжелердің де киім пішімі бірдей). Көйлектің сыртынан жеңі жоқ қысқа бешпент киеді –қамзол деп аталады. Салтанатты жағдайларда жібек шапан –батсайы шапан киеді. Қыздар басына әдемі қызыл орамал тартып, басын айналдыра желкесіне байлайды, ұзын ұштары арқасына түседі. Орамалды шашақпен көмкереді. Жас қыздар ақ орамал тартып, иегінің астынан байлайды немесе жаулық –ақ матаның (коленкор немесе жібек) ұзын қиындысын басын айналдыра иегінің астынан орап, содан соң сәлде сияқты киеді. Шаштарын бұрымдап өреді. Қыздардың бұрымы 8-14 және одан көп, ал әйелдердікі 2-4 өрім болады. Бұрымға таспа немесе шашбау қоса өріледі, оған күміс теңгелерді тағып қояды. Әйелдер бұрымдарының ұшын біріктіреді, ал қыздар біріктірмейді.



*Қыз киімі. 1920 ж. Қостанай облысы.*

*А.Галимбаеваның иллюстрациясы.*



*Қыздың бешпенті. XX ғ. 20 жылдары. Батыс Қазақстан облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*



e-history.kz

*Жас келіншектің киімі. Батыс Қазақстан облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*



*Кимешек – күйеуі бар әйелдің бас киімі.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*

3) Әшекейлер. Әйелдер қолына дозоқ сақина және білезік тағады. Құлақтарында сырға, кеуделерінде теңге тағылған таспа болады. Сонымен қатар, қыздар салтанатты жағдайда ерекше бөрік киеді, түбі тегіс, дөңгелек, кәмшат бөрік деп аталады. Бір жағынан (оң жақтан) оқа-зерлі, шеттері шашақпен безендірілген үшбұрышты барқыт төмен түсіп тұрады. Үшбұрыш иыққа дейін жетеді. Әйелдер, кейде еркектер де үшбұрышты тұмар тағынады, оны бешпентінің өңіріне, арқасына немесе иығына, бұрымға қосып өрілетін таспаға тігіп қояды. Тұмар адамды жын-перілердің жағымсыз ықпалынан қорғайды. Ишандар ұзын ақ жейде, түймеленбеген бешпент немесе сарттың шапанын киеді. Басына көлемі үлкен ақ сәлде орайды. Лауазымды адамдардың киімі бай адамдардікінен ерекшеленбейді. Ерлердің үйлену киімі әдеттегі киіммен бірдей. Ал әйелдердікі неғұрлым қымбат материалдардан –жібектен, барқыттан, т.с.с.жасалады.





*Шолты –қыздардың бұрымына тағатын күміс әшекей. Батыс Қазақстан облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*



*Күміс білезік, оған үш сақина бекітілген. Батыс Қазақстан облысы. Жүзік – әйелдер сақинасы. Алматы облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*



e-history.kz

*Білезіктер. Қазақ зергерлері жасаған. Атырау облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*





*Өңіржиек немесе алқа – қыздардың кеудеге тағатын күміс әшекейі. Атырау облысы.*

*А. Галимбаеваның иллюстрациясы.*



Сонымен қатар, жас келінге конус тәрізді, алтынмен, күміспен, меруертпен, маржанмен, т.с.с. әшекейленген ерекше бас киім – сәукеле дайындалады. Опа-далап пен бояу дегенді қырғыздар мүлде пайдаланбайды. Ал қазіргі уақытта, қажетті материалдар жоқ болғандықтан, іш киім көбінесе матадан тігіледі, ал сырт киім бояусыз табиғи түсті, үйде жасалған шекпеннен тігіледі».

*Мақала п.ғ.д., профессор А.Қалыбекованың «Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы» кітабынан алынды, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сараптамалық кеңесінің ұсынысымен жарияланды, 2011 жыл*